

## **2023 жылдың қаңтар айының 3-ші онкүндігіне қысқаша агрометеорологиялық шолу**

Қаңтар айының үшінші онкүндігінде Қазақстанның оңтүстігінің және оңтүстік-шығысының күздік дәнді дақылдар себілетін аудандарында температуралық фон нормадан 1...9°C төмен және жауын-шашын да нормадан төмен болған.

Түркістан облысында 10 күн ішінде, Алматы және Жетісу облыстарында 2-4 күн ішінде және Жамбыл облысында 6-7 күн ішінде өткен қарқынды жылымық одан әрі күздік бидай дақылдарының қысқы төзімділігін төмендетуі мүмкін.

Батыс Қазақстан облысында күздік дәнді дақылдар себілген аудандарда сақталған қар жамылғысы (8 см), топырақ бетінде біркелкі таралғанда өсімдіктерге қорғаныш әсер етеді, бірақ топырақ бетінің төменгі температурасынан (минус 24...26°C) қатып қалуы мүмкін.

Түркістан облысының күздік бидай егістеріндегі бидайдың түптену түйіні тереңдігінің ең төменгі температурасы 0°C минус 2°C дейін ауытқыған, Алматы облысында минус 6°C жеткен және Жамбыл облысында минус 19°C шекті мән шегінде болған.

Жайылымдық мал шаруашылығы аудандарында мал жайылымы барлық жайылымдарда тегіс жүргізілген.

Ақтөбе облысының Әйтеке би ауданында, Батыс Қазақстан облысының Жаңабек ауданында, Қарағанды облысының Шет ауданында, Қостанай облысының Арқалық ауданында жануарларды қораларда ұстауға көшкен.

Жайылымдар әлсіз және орташа тапталған. Алматы облысының Жамбыл ауданында (Айдарлы станциясы) жайылымдар қатты тапталған.

Шымның жағдайы көбінесе дымқыл, жекелеген жайылымдарда қатқак болған.